

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің мәселелері

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 26 ақпан N 151. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1998.12.07. N 1249 қаулысымен. ~P981249

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазанды Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жаңындағы Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 1563

P961563\_

қаулысының 2,

4-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 52, 500-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 26 ақпандығы  
N 151 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті туралы

## ЕРЕЖЕ

### Миссиясы

Экономика мен қоғамның әуе тасымалдауларына деген өскелен мүқтаждықтарын қанағаттандыру және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын дамыту үшін жағдайлар жасау.

#### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар жөніндегі министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) өзіне жүктелген міндеттері мен функцияларды дербес орындайтын, әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы мен эксперименттік авиациясы саласындағы мемлекеттік басқару, реттеу, үйлестіру және бақылау органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, халықаралық шарттар мен келісімдерді, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, банк мекемелерінде

шоттары, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, сондай-ақ тиісті бланкілері мен мөртаңбалары бар.

## II. Басымдықтары

5. Қазақстан Республикасының әуе көлігінде тиімді мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру.
6. Әуе кеңістігін пайдалану, әуе қозғалысына қызмет көрсету және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында нормативтік база жасау.
7. Әуе көлігін дамыту үшін жағдайлар жасау.
8. Ұшуларды қауіпсіз жүргізу және басқару жөніндегі талаптар кешенінің орындалуын қамтамасыз ету.

## III. Міндеттері, функциялары мен құқықтары

### 9. Комитеттің негізгі міндеттері:

- әуе тасымалдаулары мен әуе көлігі қызметін көрсетулер рыногын қалыптастыру, әуе көлігінде мемлекеттік экономикалық және қаржы саясатын жүргізу;
- азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін, әуе кеңістігін пайдалану мен әуе қозғалысын ұйымдастыруға мемлекеттік басқаруды, реттеуді үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;
- азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін, әуе кеңістігі мен әуе қозғалысын реттейтін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нормативтік құқықтық база жасау болып табылады.

### 10. Комитеттің негізгі функциялары:

- азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін, әуе кеңістігін пайдалану мен әуе қозғалысын ұйымдастыруды мемлекеттік басқару, реттеу, үйлестіру мен бақылау;
- азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметін, әуе кеңістігі мен әуе қозғалысын реттейтін нормативтік құқықтық база әзірлеу;
- өз құзыретінің шегінде әуе көлігі саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында зандардың сақталуын бақылау болып табылады.

11. Жүктелген міндеттерге сәйкес Комитеттің:

әуе көлігінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға (нормалар мен нормативтер белгілеу, сертификаттар, лицензиялар мен арнаулы рұқсаттарды ұйымдастыру, беру, сондай-ақ олардың шарттарының сақталуын бақылау) және қолданылып жүрген зандарға сәйкес тиісті шаралар қолдануға;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты

уәкілетті мемлекеттік басқару органының функциясын жүзеге асыруға, сондай-ақ әуе көлігінде шаруашылық жүргізуші серіктестікердің мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттерін иелену және пайдалану жөніндегі функцияны жүзеге асыруға;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін барлық пайдаланушылар, сондай-ақ азаматтық авиацияның шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін міндетті ведомстволық актілер шығаруға құқығы бар.

#### IV. Жауапкершілігі

12. Комитет осы Ережеде көзделген міндеттер мен функциялардың қолданылып жүрген зандарға сәйкес тиісті түрде орындалуы үшін жауапкершілікте болады.

#### V. Комитет қызметінің ұйымдастырылуы

13. Комитетті Комитет Төрағасы басқарады.

14. Комитет Төрағасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

15. Комитет Төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

16. Комитет Төрағасы дара басшылық негізінде Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Комитетке жүктелген міндеттердің іске асырылуы және оның өз функциясының орындалуы үшін жеке жауап береді.

17. Комитет Төрағасы осы мақсатта:

Комитетті орталық және жергілікті атқарушы органдарда және халықаралық ұйымдарда білдіреді;

өз орынбасарларының міндеттерін, өкілеттіктер шеңберін және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Комитет аппаратының қызметкерлері мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені және Комитет аппараты қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

өзінің өкілеттіктерінің шегінде бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, олардың орындалуын бақылайды.

18. Комитет өзінің қызметін қамтамасыз ететін басқармалар мен бөлімдерден тұрады.

19. Комитеттің штат кестесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі бекітеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 26 ақпандағы  
N 151 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көлік және  
коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін  
пайдалану және азаматтық авиация қызметі комитетінің

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық  
Азаматтық авиация қызметін реттеу басқармасы  
Халықаралық қатынастар бөлімі  
Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК